

2025 жылға арналған балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 72/03 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Білім туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" №381 бұйрығына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Бөлекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің
2024 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 72/03 қаулысына қосымша

2025 жылға арналған балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

р/н	Қосымша білім беру үйірмелерінің бағыттары мен атаулары	2025 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны)	Шығын құны	
			бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге (теңге)	ерекше білім беру қажеттіліктері бар бір балаға (теңге)
Ғылыми-техникалық		790		
1	робототехника, физика және робототехника	365	20137	35068
2	3Д модельдеу, компьютерлік графика, құрастыру, бағдарламалау	370	20137	35068

3	лего - құрастыру	55	20137	35068
Көркемдік - эстетикалық		605		
1	арт - терапия	260	20137	35068
2	қыш бұйымдары ісі, керамика, жапсырма, мүсін, керамикалық мүсін	155	20137	35068
3	оригами, қағаздан жасалған қол өнер	50	20137	35068
4	ағаштан көркем кескіндеме	20	20137	35068
5	зергерлік өнер	50	20137	35068
6	кесте тігу, тоқыма тоқу, тігу, макраме	70	20137	35068
Әлеуметтік-педагогикалық		320		
1	кәсіпкерлік негіздері	100	17423	29641
2	журналистика, медиа орталықтар	25	17423	29641
3	интеллектуалды ойындар клубы	115	17423	29641
4	пікірсайыс қозғалысы, шешендік өнер	80	17423	29641
Гуманитарлық		895		
1	тіл курстары	895	17423	29641
Экологиялық - биологиялық		290		
1	флористика	80	20137	35068
2	экожурналистика	110	20137	35068
3	иппотерапия	30	20137	35068
4	STEM зертханасы	35	20137	35068
5	қоршаған ортаны зерттеуші	35	20137	35068
Жаратылыстану-математикалық		400		
1	математикалық курстар	400	17423	29641
	Барлығы	3300	558 620 910	